4	Жетімдер және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған студенттер Студенты - сироты и оставшиеся без попечения родителей						
5	Ауыл (село) жастары арасынан шыққан студенттер Студенты из числа аульной (сельской) молодежи						
6	Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ студенттер Студенты казахской национальн						

	ости, не являющиеся гражданами Республики Казахстан						
7	Кәмелетке толмаған төрт және одан көп бала тәрбиелеп отырған отбасылардағы о студенттер Студенты из семей, в которых воспитывается четыре и более несовершеннолетних детей						
8	кемінде үш жыл толық емес отбасы мәртебесі бар отбасылардағы студенттер Студенты из числа неполных семей, имеющих данный статус не менее трех лет						
9	бала кезінен мүгедек балаларды, I, II топтағы мүгедектерді тәрбиелеп отырған отбасылардағы студенттер Студенты из семей,						

воспитываю щих детей-инвал идов с детства, инвалидов I, II групп						
--	--	--	--	--	--	--

12. Түлектердің мемлекеттік аттестациясының қорытындылары бойынша деректерді толтырыңыз, адам

Заполните данные по итогам государственной аттестации выпускников, человек

Жол коды Код строки	Көрсеткіш атауы Наименование показателя	Оқу жылы басындағы студенттердің жалпы саны Общая численность студентов на начало учебного года	
		барлығы всего	одан әйелдер из них женщин
А	Б	1	2
1	Мемлекеттік қорытынды аттестациядан өткендер, барлығы Прошли итоговую государственную аттестацию, всего		
	одан: из них:	x	x
1.1	үздік диплом алған получившие диплом с отличием		
1.2	"Үздік" және "жақсы" бағаларын алған получившие оценки " отлично" и "хорошо"		

13. Профессорлық-оқытушылық құрамның санын көрсетіңіз, адам

Укажите численность профессорско-преподавательского состава, человек

Жол	Көрсеткіш атауы Наимен	Негізгі (штаттың) құрамның тізімдік саны Списочная численность основного	Одан: Из них имеют:				Қызметті қоса атқарушылық бойынша қабылданғандар саны Численность принятых по
			ғылыми дәрежесі ученую степень		ғылыми атаққа ие ученое звание		
			филология (PhD) докторы доктор филологии (PhD)	бейіні бойынша докторы п о	ғылым докторы доктор наук	ғылым кандидаты кандидат наук	профессор профессор доцент доцент

3.3	40 - 57 жас лет									
3.4	5 8 жастан жоғары лет и старше									

14. Материалдық-техникалық базаның сипаттамалары туралы деректерді толтырыңыз

Заполните данные о характеристиках материально-технической базы

Жол коды Код строки	Көрсеткіш атауы Наименование показателя	Барлығы Всего
A	Б	1
1	Ғимараттың жалпы алаңы, шаршы метр Общая площадь зданий, квадратных метров	
	одан: из них:	x
1.1	жеке меншіктегі собственная	
1.2	жалға алынғаны арендованная	
1.3	Оқу - зертханалық ғимараттардың жалпы алаңы, шаршы метр Общая площадь учебно-лабораторных зданий, квадратных метров	
1.4	Спортзалдың алаңы, шаршы метр Площадь спортзала, квадратных метров	
1.5	Мәжіліс залының алаңы, шаршы метр Площадь актового зала, квадратных метров	
1.6	Жатақханалардың алаңы, шаршы метр Площадь общежитий, квадратных метров	
2	Асхананың жобалық қуаттылығы, отыратын орындар Проектная мощность столовой, посадочных мест	
3	Оқу үдерісінде қолданылатын компьютерлер саны, бірлік	

	Количество компьютеров, используемых в учебном процессе, единиц	
3.1	одан интернетке қолжетімділігі бар компьютерлер саны, бірлік из них число компьютеров имеющих доступ к Интернету, единиц	
4	Интерактивтік жабдықтар жиынтығының саны Количество комплектов интерактивного оборудования	
5	Кітапхана қоры Библиотечный фонд	
6	Жыл сайынғы кітаптар данасының түсімі Ежегодные поступления экземпляров, книг	
7	Оқырмандар саны, адам Количество читателей, человек	
8	Бір жыл ішінде кітапханаға келушілер саны, бірлік Число посетителей библиотек за год, единиц	
9	Бір жыл ішінде берілген кітаптар саны, кітаптар Число книговыдач за год, книг	

15. Статистикалық нысанды толтыруға жұмсалған уақытты көрсетіңіз, сағатпен (қажеттісін қоршаңыз)

Укажите время, затраченное на заполнение статистической формы, в часах (нужное обвести)

1 сағатқа дейін	1-2	2-4	4-8	8-40	40 сағаттан артық
до 1 часа					более 40 часов

Атауы

Наименование _____

Мекенжайы (респонденттің)

Адрес (респондента) _____

Телефоны (респонденттің)

Телефон (респондента) _____

_____ Стационарлық ұялы
стационарный мобильный

Электрондық пошта мекенжайы (респонденттің)

Адрес электронной почты (респондента) _____

Орындаушы

Исполнитель _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы, телефоны (орындаушының)

фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись, телефон (исполнителя)

Бас бухгалтер немесе оның міндетін атқарушы тұлға

Главный бухгалтер или лицо, исполняющее его обязанности

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы

фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись

Басшы немесе оның міндетін атқарушы тұлға

Руководитель или лицо, исполняющее его обязанности

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы

фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись

Ескертпе:

Примечание:

Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына анық емес бастапқы статистикалық деректерді ұсыну және бастапқы статистикалық деректерді белгіленген мерзімде ұсынбау "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 497-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар болып табылады

Представление недостоверных и непредставление первичных статистических данных в соответствующие органы государственной статистики в установленный срок являются административными правонарушениями, предусмотренными статьей 497 Кодекса Республики Казахстан "Об административных правонарушениях"

Басшысының
2021 жылғы 15 желтоқсандағы
№ 46 бұйрығына
4-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
министрлігінің Статистика

**"Жоғары оқу орнының есебі" (индексі 3-НК, кезеңділігі жылына бір рет)
жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру
жөніндегі нұсқаулық**

1. Осы "Жоғары оқу орнының есебі" (индексі 3-НК, кезеңділігі жылына бір рет) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-бабы 8) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Жоғары оқу орнының есебі" (индексі 3-НК, кезеңділігі жылына бір рет) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (бұдан әрі – статистикалық нысан) толтыруды нақтылайды.

2. Осы Нұсқаулықта Заңда айқындалған мәндердегі ұғымдар, сондай – ақ осы статистикалық нысанды толтыру мақсатында мынадай анықтамалар пайдаланылады:

- 1) ақылы білім беру қызметтері – ақылы білім алу;
- 2) берілген кітаптар саны – оқырмандар формулярында тіркелген үйге берілген кітаптардың саны;
- 3) болжамды бітірушілер – оқу жоспарында көзделген оқу жылының соңында бітірушілер;
- 4) ғимараттың жалпы алаңы – оқу орнымен пайдаланылатын: оқу корпустарының, жатақханаларының, оқытушылар тұратын тұрғын үйлердің алаңы, меншікті, сондай-ақ жалға алынған қосалқы алаң және басқа да барлық алаңы;
- 5) жалға алынған алаң – белгілі бір ақыға уақытша пайдалануға алынған алаң;
- 6) интерактивті жабдық – интерактивті тақта, мультимедиялық проектор мен ноутбуктан тұратын жиынтық. Интерактивті тақта проектор экранының (тұсаукесер сабақты көрсету үшін) және тактильді-интерактивті функциялардың (суреттің үстінен жазу, тақтада проектормен көрсетілетін объектілердің орнын ауыстыру, басқарудың интерактивті органдарын іске қосу мүмкіндігі) жиынтығын білдіреді;
- 7) келіп-кету саны – оқырмандардың кітапхананың абонементінен кітап алу, оған өткізу немесе айырбастау мақсатымен келіп-кету саны;
- 8) кітапхана қоры – құжаттарды сақтау және пайдалану үшін олардың міндеттеріне, түрлері мен бейініне сәйкес қалыптастырылатын кітапханадағы құжаттардың жүйелендірілген жиынтығы;

9) қабылданғаны (студенттерді қабылдау) – оқу жылының басында конкурстық іріктеу нәтижесінде оқу орнына жаңадан қабылданған студенттердің барлық саны;

10) қабылдау квотасы – техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына қабылдау үшін бөлінетін мемлекеттік білім беру тапсырысы, оның ішінде білім беру гранттары көлемінің шекті саны;

11) қызметкерлердің тізімдік саны – шартты жасасу мерзіміне қарамастан еңбек шарты бойынша қабылданған адамдар саны;

12) қызметті қоса атқарушылық – қызметкердің негізгі жұмысынан бос уақытында еңбек шарты жағдайында басқа тұрақты ақы төленетін жұмысты орындауы;

13) оқырман саны – белгіленген құжаттардағы ресми жазбалардың негізінде кітапхананы пайдаланатын тұлғалар саны;

14) өткен оқу жылындағы бітірушілер – оқуды ағымдағы жылы бітіргендердің, сондай-ақ өткен жылдары оқу курсынан өткендердің санынан диплом қорғағандардың немесе бітіру емтихандарын тапсырған адамдардың саны;

15) өткен оқу жылы ішінде келгені – оқу орнына оқуға қабылдау туралы бұйрық шығарылғаннан кейін келген (қабылданған) студенттер саны;

16) өткен оқу жылы ішінде кеткені – өткен жылғы 1 қазаннан кейін оқу орнынан шығарылған студенттер саны.

3. Статистикалық нысанда деректер оқытудың күндізгі, кешкі және сырттай нысандары бойынша жеке толтырылады. Статистикалық нысан оқу орнының оқу бөліміндегі, бухгалтериясындағы, кадрлар бөлімі мен құрылымдық бөлімшелеріндегі бастапқы есепке алу құжаттамасы деректерінің негізінде құрастырылады.

4. 1 және 2-бөлімдерде көрсетілген торкөздерге тиісті белгі қойылады.

5. 3-бөлімде жауапты көрсету кезінде дербестік белгісі осы оқу мекемесі дербес пе немесе басқа өңірде (ауданда, қалада) орналасқан оқу орнының филиалы болып табылатындығымен анықталады.

6. 4-бөлімде студенттердің қозғалысы және олардың оқу жылы басында бары туралы деректер көрсетіледі.

Қабылданған студенттер санына аталған жоғары оқу орнында білім беру базасы бойынша бөле отырып, оқуды алғаш рет бастағандар енгізілген. Сонымен қатар жоғары оқу орындарына ұлттық бірінғай тестілеудің (бұдан әрі – ҰБТ) нәтижелері бойынша шекті балды алмаған адамдар ақылы негізде қабылдануы

мүмкін. Бұл адамдар үшін жоғары оқу орнында оқытудың бірінші академиялық кезеңіне ҰБТ өткізіледі. Шекті балл алмаған адамдар ҰБТ қорытындылары бойынша жоғары оқу орнынан шығарылуы тиіс.

Келгендердің санына сондай-ақ басқа оқу орнынан ауыстырылған, бұрын қандай да бір себеппен шығарылып немесе академиялық еңбек демалысынан және қарулы күштер қатарынан келген және қабылданған адамдар енгізіледі.

Кеткендердің санына сабақ үлгерімінің төмендігі үшін оқудан шығарылған (оның ішінде диплом қорғау немесе бітіру емтихандарын тапсыру кезінде қанағаттанарлықсыз баға алғандар, сондай-ақ диплом қорғау немесе бітіру емтихандарын тапсыруға дәлелді себептерсіз келмеген студенттер), қаржы жетіспеушілігінен, осы оқу орнында басқа оқыту нысанына ауыстырылған, басқа жоғары оқу орындарына ауыстырылған, қарулы күштер қатарына шақырылған, өз еркімен, денсаулық жағдайына байланысты, оқу тәртібін, ішкі тәртіп ережелері мен оқу орнының Жарғысын бұзғаны үшін және басқа да себептер. Басқа да себептерге – отбасылық жағдай, академиялық демалыс жатады.

6-жолда басқа қаладан келген студенттердің жалпы санын, оның ішінде басқа қаладан келген, жатақханаға мұқтаж студенттер саны 6.1-жолда және 6.1.1-жолда жатақханада тұратын студенттер саны көрсетіледі.

7. 5-бөлімде жоғары білім мамандықтары, 2018 жылғы 13 қазандағы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің № 569 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17565 болып тіркелген) Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышына сәйкес көрсетіледі.

Жыл басындағы студенттер санына:

1) есепті жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша тіркелген барлық адамдар енгізіледі. Сондай-ақ оқушылар құрамынан шығарылмаған, сабақта қандай да бір себептерге байланысты болмаған студенттер де есепке алынады.

2) жоғары оқу орнына түсу үшін даярлау жөніндегі ақылы курстардың тыңдаушылары, шетелде оқу үшін іссапарға жіберілген студенттер енгізілмейді.

10-бағанда сондай-ақ қандай да бір себеппен мерзімінде диплом жобасын қорғамаған (мемлекеттік емтихандарды тапсырмаған), бірақ есепті жылы диплом қорғауға (мемлекеттік емтихандарды тапсыруға) рұқсат алған адамдар көрсетіледі.

8. 6-бөлімде студенттер санын оқытуды қаржыландыру көздерінің бөлінісінде курстар бойынша бөлу көрсетіледі.

9. 7-бөлімде студенттердің жынысы мен жасы бойынша саны көрсетіледі. Студенттердің жасы 1 қаңтардағы жағдай бойынша толық жасының санына сәйкес анықталады.

10. 8-бөлімде студенттерді оқыту тілдері бойынша бөлу, 7-бағанда оқыту тілі көрсетіледі.

11. 9 және 10-бөлімдерде студенттердің саны тиісінше ұлттары және келген елдері бойынша көрсетіледі.

12. 11-бөлімде студенттердің квота бойынша қабылдануы, бітіріп шығуы және саны туралы деректері көрсетіледі.

13. 12-бөлімде бітірушілердің мемлекеттік аттестациясының қорытындылары көрсетіледі.

14. 13-бөлімде тізімдік санда жұмыс берушінің актілерін орындай отырып, жұмысты белгілі бір мамандығы, біліктілігі немесе лауазымы бойынша орындайтын, есепті кезеңде ұйымның тізімінде бар барлық оқытушылар көрсетіледі.

Қоса атқарушылық бойынша жұмысты орындайтын оқытушыларға негізгі жұмыс уақытынан бос уақытында еңбек шартының талаптарында тұрақты ақы төленетін басқа жұмысты орындайтын адамдар жатады.

Ұйымда еңбек қатынастарында тұрған (негізгі жұмыс орны бойынша) немесе екі, бір жарым мөлшермесі бар қосымша қызмет атқарушылық бойынша жұмыс атқаратын оқытушы осы ұйым қызметкерлерінің тізімдік санына бір адам (бүтін бірлік) ретінде саналады.

Сырттай, кешкі және қашықтықтан оқу бөлімдері осы бөлімге негізгі жұмыс орны осы оқу орны (бөлімше) болып табылатын оқытушыларды ғана енгізеді.

15. 14-бөлім тек бір рет күндізгі оқыту нысаны кезінде толтырылады. Алаң туралы деректер бүтін сандармен және шаршы метрмен келтіріледі.

3-жол бойынша дәріс, компьютерлік және лингафондық сыныптарда қолданылатын барлық компьютерлер көрсетіледі. Оқытушылар кабинеттеріндегі, оқу залдарындағы және әкімшілік корпустардағы компьютерлер ескерілмейді.

5-жол бойынша есепке алу күніне оқырмандар пайдалануында, қозғалыста және оқу залдарында болған мектеп оқулықтарын, кітаптарды, кітапшаларды, журналдарды қоса, мүкәммалдық кітаптарында және басқа да есепке алу құжаттарында тіркелген барлық кітап қоры көрсетіледі.

Оқырмандар залында берілген кітаптар саны берілген кітаптардың жалпы санына кірмейді.

8-жолда оқу залына келгендер саны есептелмейді.

16. Осы статистикалық нысанды ұсыну электронды түрде немесе қағаз жеткізгіште жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электронды түрде толтыру Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында орналастырылған "Респонденттің кабинеті" (<https://cabinet.stat.gov.kz/>) арқылы он-лайн режимде жүзеге асырылады.

17. Есепті кезеңде қызметі болмаған кезде респондент тиісті жылға арналған бекітілген Респонденттердің жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулар бойынша алғашқы статистикалық деректерді ұсыну графигінде көрсетілген осы есепті кезең үшін статистикалық нысандарды ұсынудың ең ерте мерзімдерінің аяқталу күнінен кешіктірмей Қызметінің болмағандығы туралы хабарламаны Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі № 173 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6459 болып тіркелген) Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидаларымен белгіленген тәртіпте ұсынады.

18. Ескертпе: X – осы позиция толтыруға жатпайды.

19. Арифметикалық-логикалық бақылау:

1) 4-бөлім:

1-баған \leq 2-бағаннан әрбір жолдар үшін;

2-жол = \sum 2.1, 2.2, 2.3-жолдар қосындысына әрбір баған бойынша;

3-жол = \sum 3.1, 3.2, 3.3, 3.4, 3.5-жолдар қосындысына әрбір баған бойынша;

4-жол = \sum 4.1, 4.2, 4.3, 4.4, 4.5, 4.6, 4.7, 4.8, 4.9-жолдар қосындысына әрбір баған бойынша;

6-жол \leq 1-жолдан әрбір баған үшін;

6-жол \geq 6.1-жолдардың әрбір бағаны бойынша;

6.1-жол \geq 6.1.1-жолдардың әрбір бағаны бойынша;

3.3-жол 2-баған = 0 (жол беріледі);

4.5-жол 2-баған = 0 (жол беріледі).

2) 5-бөлім:

1-жол = \sum 2, 3, 4, 5, 6, 7-жолдардың әрбір баған үшін (жол беріледі);

2-жол = \sum 2.1, 2.2-жолдардың әрбір бағаны үшін;

3-жол = \sum 3.1, 3.2-жолдардың әрбір бағаны бойынша;

4-жол = \sum 4.1, 4.2-жолдардың әрбір бағаны бойынша;

5-жол = \sum 5.1, 5.2-жолдардың әрбір бағаны бойынша;

6-жол = \sum 6.1, 6.2-жолдардың әрбір бағаны бойынша;

7-жол = \sum 7.1, 7.2-жолдардың әрбір бағаны бойынша;

2.2-жол = \sum 2.2.1, 2.2.2-жолдардың әрбір бағаны үшін;

3.2-жол = \sum 3.2.1, 3.2.2-жолдардың әрбір бағаны үшін;

4.2-жол = \sum 4.2.1, 4.2.2-жолдардың әрбір бағаны үшін;

5.2-жол = \sum 5.2.1, 5.2.2-жолдардың әрбір бағаны үшін;

6.2-жол = \sum 6.2.1, 6.2.2-жолдардың әрбір бағаны үшін;

7.2-жол = \sum 7.2.1, 7.2.2-жолдардың әрбір бағаны үшін;

1-баған \geq 2 және 3-бағаннан әрбір жол бойынша;

4-баған \geq 5 және 6-бағаннан әрбір жол бойынша;

7-баған \geq 8 және 9-бағаннан әрбір жол бойынша;

2-баған \leq 1-бағаннан әрбір жол үшін;

3-баған \leq 1-бағаннан әрбір жол үшін;

5-баған \leq 4-бағаннан әрбір жол үшін;

6-баған \leq 4-бағаннан әрбір жол үшін;

8-баған \leq 7-бағаннан әрбір жол үшін;

9-баған \leq 7-бағаннан әрбір жол үшін;

6B-дан басталатын мамандықтар бағыттарының кодтарын енгізу кезінде тиісті жолдарда тек 1-ден 6-ға дейінгі бағандар толтырылады;

5B-дан басталатын мамандықтар бағыттарының кодтарын енгізу кезінде тиісті жолдарда тек 4-тен 10-ға дейінгі бағандар толтырылады.

3) 6-бөлім:

1-жол = \sum 1.1-1.7-жолдардың әрбір бағаны бойынша;

1-баған = \sum 2-3-бағандардың әрбір жолы үшін;

4) 7-бөлім:

1-жол = \sum 1.1-1.22-жолдардың әрбір бағаны бойынша;

2-баған \leq 1-бағаннан әрбір жол бойынша;

4-баған \leq 3-бағаннан әрбір жол бойынша;

6-баған \leq 5-бағаннан әрбір жол бойынша.

5) 8-бөлім:

1-баған = \sum 2-7-бағандардың әрбір жолы үшін;

1.1-жол \leq 1-жолдан әрбір баған үшін.

6) 9-бөлім:

1-жол = \sum барлық ұлттар бойынша әрбір баған үшін;

2-баған \leq 1-бағаннан әрбір жол бойынша;

4-баған \leq 3-бағаннан әрбір жол бойынша;

6-баған \leq 5-бағаннан әрбір жол бойынша.

7) 10-бөлім:

1-жол = \sum 2, 3, 4-жолдардың әрбір бағаны бойынша;

3-жол = \sum 3.1-3.10-жолдардың әрбір бағаны бойынша;

4-жол = \sum 4.1-4.7-жолдардың әрбір бағаны бойынша;

1-баған \geq 2-бағаннан әрбір жол үшін;

4-баған \geq 5-бағаннан әрбір жол үшін;

7-баған \geq 8-бағаннан әрбір жол үшін;

3-баған \leq 1-бағаннан әрбір жол үшін;

6-баған \leq 4-бағаннан әрбір жол үшін;

9-баған \leq 7-бағаннан әрбір жол үшін.

8) 11-бөлім:

2-баған \leq 1-бағаннан әрбір жол бойынша;

4-баған \leq 3-бағаннан әрбір жол бойынша;

6-баған \leq 5-бағаннан әрбір жол бойынша.

9) 12-бөлім:

1-жол $\geq \sum$ 1.1, 1.2-жолдардың әрбір бағаны бойынша;

2-баған \leq 1-бағаннан әрбір жол бойынша.

10) 13-бөлім:

1-жол = \sum 2 және 3-жолдар әрбір баған бойынша;

2-жол = \sum 2.1-2.4-жолдар әрбір баған бойынша;

3-жол = \sum 3.1-3.4-жолдар әрбір баған бойынша;

1-баған \geq 2-бағаннан әрбір жол үшін;

1-баған \geq 3-бағаннан әрбір жол үшін;

1-баған \geq 4-бағаннан әрбір жол үшін;

1-баған \geq 5-бағаннан әрбір жол үшін;

1-баған \geq 6-бағаннан әрбір жол үшін;

1-баған \geq 7-бағаннан әрбір жол үшін;

1-баған \geq 8-бағаннан әрбір жол үшін.

11) 14-бөлім:

1-жол = \sum 1.1-1.2-жолдардың;

3-жол \geq 3.1-жолдан;

1-жол $\geq \sum$ 1.3-1.5-жолдардың;

7-жол \leq 8-жолдан;

7-жол \leq 9-жолдан.

12) Бөлімдер арасындағы бақылау:

4-бөлім 1-бағанының 1-жолы = 5-бөлім 4-бағанының 1-жолы = 6-бөлім 1-бағанының 1-жолы = 7-бөлім 3-бағанының 1-жолы = 8-бөлім 1-бағанының 1-жолы = 9-бөлім 3-бағанының 1-жолы = 10-бөлім 4-бағанының 1-жолы;

4-бөлім 1-бағанының 1-жолы \geq 11-бөлім 3-бағанының 1-жолы;

4-бөлім 2-бағанының 1-жолы = 5-бөлім 5-бағанының 1-жолы = 7-бөлім 4-бағанының 1-жолы = 8-бөлім 1-бағанының 1.1-жолы = 9-бөлім 4-бағанының 1-жолы = 10-бөлім 5-бағанының 1-жолы;

4-бөлім 2-бағанының 1-жолы \geq 11-бөлім 4-бағанының 1-жолы;

4-бөлім 1-бағанының 2-жолы = 5-бөлім 1-бағанының 1-жолы = 7-бөлім 1-бағанының 1-жолы = 9-бөлім 1-бағанының 1-жолы = 10-бөлім 1-бағанының 1-жолы;

4-бөлім 2-бағанының 2-жолы = 5-бөлім 2-бағанының 1-жолы = 7-бөлім 2-бағанының 1-жолы = 9-бөлім 2-бағанының 1-жолы = 10-бөлім 2-бағанының 1-жолы;

4-бөлім 1-бағанының 5-жолы = 5-бөлім 7-бағанының 1-жолы = 7-бөлім 5-бағанының 1-жолы = 9-бөлім 5-бағанының 1-жолы = 10-бөлім 7-бағанының 1-жолы;

4-бөлім 2-бағанының 5-жолы = 5-бөлім 8-бағанының 1-жолы = 7-бөлім 6-бағанының 1-жолы = 9-бөлім 6-бағанының 1-жолы = 10-бөлім 8-бағанының 1-жолы;

5-бөлім 4-бағанының \sum 2.1, 3.1, 4.1, 5.1, 6.1, 7.1-жолдардың барлық мамандықтар бойынша = 6-бөлім 2-бағанының 1-жолына;

5-бөлім 4-бағанының \sum 2.2, 3.2, 4.2, 5.2, 6.2, 7.2-жолдардың барлық мамандықтар бойынша = 6-бөлім 3-бағанының 1-жолына.

5-бөлім 6-бағанының 1-жолы = 8-бөлім 2-бағанының 1-жолына;

6-бөлім 2-бағанының 1-жолы = 10-бөлім 6-бағанының 1-жолы.

13) Баланстық бақылау:

"Бұрынғы оқу жылының басындағы студенттердің саны" + "Оқу жылында қабылдау" + "Өткен оқу жылы ішінде келгені" - "Өткен оқу жылы ішінде кеткені" - "Өткен оқу жылы бітіргені" = "Есепті оқу жылының басындағы студенттердің саны" (жол беріледі).

"Бұрынғы оқу жылының басындағы студенттердің саны (әйелдер)" + "Қабылдаған (әйелдер)" + "Келгені (әйелдер)" - "Кеткені (әйелдер) - Бітіргені (әйелдер) = "Есепті оқу жылының басындағы студенттердің (әйелдердің) саны" (жол беріледі).

Басшысының
2021 жылғы 15 желтоқсандағы
№ 46 бұйрығына
5-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитеті
төрағасының
2019 жылғы 2020 жылғы
30 қаңтардағы № 13 бұйрығына
10-қосымша

"Білім беру ұйымының қаржы-шаруашылық қызметінің негізгі көрсеткіштері туралы есеп" (индексі Әлеуметтік қаржы (білім беру), кезеңділігі жылдық) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық

1. Осы "Білім беру ұйымының қаржы-шаруашылық қызметінің негізгі көрсеткіштері туралы есеп" (индексі Әлеуметтік қаржы (білім беру), кезеңділігі жылдық) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 12-бабының 8) тармақшасына

сәйкес әзірленді (бұдан әрі – Заң) және "Білім беру ұйымының қаржы-шаруашылық қызметінің негізгі көрсеткіштері туралы есеп" (индексі Әлеуметтік қаржы (білім беру), кезеңділігі жылдық) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (бұдан әрі – статистикалық нысан) толтыруды нақтылайды.

2. Осы Нұсқаулықта Заңда айқындалған мәндердегі ұғымдар, сондай-ақ мынадай анықтамалар пайдаланылады:

1) активтер – дара кәсіпкер немесе ұйымдар өткен оқиғалар нәтижесінде бақылап отырған, болашақта экономикалық пайда алу күтілетін ресурстар;

2) әлеуметтік аударымдар – әлеуметтік аударымдарды төлеушілер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына төлейтін ақша;

3) қызметкерлердің жалақы қоры – ұйымдардың есептелген жиынтық ақшалай қаражаттары, сондай-ақ олардың қаржыландыру көздеріне және оларды нақты төлеу мерзіміне қарамастан, салықтар мен басқа да ұстап қалулар (табыс салығы, міндетті зейнетақы жарналары) ескерілген, қызметкерлердің еңбегін төлеу үшін (лауазымдық айлықақылар (тарифтік мөлшерлемелер) қосымша төлемдер, үстемеақылар, сыйлықақылар, ынталандыру мен өтелімдік сипаттағы төлемдер)) ақша бірлігіне аударылған заттай нысандағы қаражаттар;

4) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру – әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының активтері есебінен медициналық көрсетілетін қызметтерді тұтынушыларға медициналық көмек көрсету жөніндегі құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық шаралар кешені;

5) негізгі құралдар – бұл тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өндіруде немесе жеткізуде пайдалану үшін, басқа адамдарға жалға беру, құнын өсіру немесе әкімшілік мақсаттар үшін субъект ұстап қалатын, бір кезеңнен астам уақыт ішінде пайдалану ұйғарылған материалдық активтер;

6) салықтар – "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының Кодексінде (бұдан әрі – Салық кодексі) көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекет біржақты тәртіппен заң жүзінде белгілеген, белгілі бір мөлшерде жүргізілетін, қайтарымсыз және өтеусіз сипатта болатын, бюджетке төленетін міндетті ақшалай төлемдер;

7) табыстар – капиталға қатысушы адамдардың жарнасына байланысты ұлғаюдан өзгеше, капиталдың ұлғаюына алып келетін есепті кезең ішінде активтердің түсімі не өсімі немесе міндеттемелердің азаюы нысанындағы экономикалық пайданың өсуі;

8) шығыстар – капиталға қатысушы адамдарға бөлуге байланысты азаюдан өзгеше капиталдың азаюына алып келетін есепті кезең ішінде активтердің шығуы

не азаюы немесе міндеттемелердің пайда болуы нысанында экономикалық пайданың азаюы.

3. Статистикалық нысанды заңды тұлғаның құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері өзінің орналасқан жері бойынша, оларға заңды тұлғаның статистикалық нысанды тапсыру бойынша өкілеттігі берілген жағдайда тапсырады. Егер құрылымдық және оқшауланған бөлімшелердің мұндай өкілеттіктері болмаған жағдайда статистикалық нысанды олардың орналасқан жерін көрсете отырып, өзінің құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері бөлінісінде заңды тұлға ұсынады.

4. 2-бөлімнің 1-жолында ұйымдардың бухгалтерлік есептілігі әдіснамасы бойынша есептелетін қаржы қаражатының түсімдері ескерілетін ағымдағы табыстар көрсетіледі.

2-бөлімнің 1.1-жолы бойынша республикалық (оның ішінде білім беру гранттары) және жергілікті бюджеттерден қайтарылуға жатпайтын бір жақты төлемдер, ұйым мүшелерінің ерікті жарналары мен қайырмалдықтар (оның ішінде шетелден) деп түсінілетін ағымдағы трансферттер көрсетіледі.

2-бөлімнің 1.1.1.1-жолында кәсіпорындарға, ұйымдарға, жеке тұлғаларға ғылыми зерттеулер жүргізуге, оқытуға және тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелерге ақшалай немесе заттай нысанда өтеусіз субсидия деп түсінілетін гранттар көрсетіледі.

2-бөлімнің 1.1.3-жолында жарыстарға, конкурстарға, көрмелерге, байқауларға қатысу және шығармашылық, ғылыми, ғылыми-техникалық, өнертапқыштық қызметті дамыту, білім және спорттық шеберлік деңгейін арттыру үшін мүліктік және қаржылық (әлеуметтіктен басқа) қолдау түрінде өтеусіз негізде (демеушілік көмек) ұсынылатын ерікті жарналар мен қайырмалдықтардан түсімдер көрсетіледі.

2-бөлімнің 1.2-жолында кәсіпорындармен (ұйымдармен) жасалған шарттарға сәйкес немесе халықтың қаражаты есебінен (қосылған құн салығынсыз (бұдан әрі – ҚҚС)) ұйым қызметінің негізгі түрі бойынша (Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінде (бұдан әрі – ЭҚЖЖ) 85.1-85.4 топтарда (мектепке дейінгі, бастауыш, орта және жоғары білім) көрсетілген халыққа және кәсіпорындарға көрсетілген қызметтерден табыстар көрсетіледі. Қызметтің негізгі түріне қосылған құны субъект жүзеге асыратын кез келген басқа қызмет түрінің қосылған құнынан асатын қызмет түрі жатады.

2-бөлімнің 1.3-жолы бойынша меншіктен (пайыздардан түскен табыстар, акциялар бойынша дивидендтер, ренталар, басқа кәсіпорындардан түскен кісістер) алынған табыс есепке алынады.

2-бөлімнің 1.5-жолы бойынша білім мен дағдылардың қосымша көлемін (ЭҚЖЖ 85.5) алу үшін, сондай-ақ қайта даярлау және біліктілікті арттыру

мақсатында, компьютерлік сауаттылыққа оқыту, спорттық оқыту (бейсбол, баскетбол, крикет, футбол және басқа да спорттық ойындар), гимнастикалық оқыту, академиялар мен мектептерде атқа мінуді үйрету, жүзуді үйрету, жауынгерлік жекпе-жектегі оқыту, кәсіби спорт нұсқаушыларының, мұғалімдердің, жаттықтырушылардың қызметтеріне, жүргізуші курстары, йогаға оқыту, шет тілін, өнерге, драмаға, музыкаға немесе басқаға оқыту немесе арнайы оқыту үшін төлемдер көрсетіледі (1.2-жолда көрсетілген ЭҚЖЖ қоспағанда).

2-бөлімнің 1.7-жолы бойынша статистикалық нысанның жоғары тұрған жолдарында санамаланған білім беру саласындағы қосалқы қызметтен немесе қайталама қызметтен алынған білім беру ұйымдарының басқа да ағымдағы табысы (күрделі активтерді сатудан түскен таза табыс, жалдау ақысы және басқалар) көрсетіледі.

2-бөлімнің 2-жолы бойынша күрделі шығындарға алынған трансферттер көрсетіледі, онда активтерге (қолма-қол ақша мен материалдық айналымдардан басқа) меншік құқығын немесе оларды сатып алу үшін негізгі құралдарды бір институционалдық бірліктен екіншісіне өтеусіз беру ескеріледі.

2-бөлімнің 2.6-жолы бойынша білім беру ұйымдарынан оқу-әдістемелік құралдарды, оқулықтарды (оның ішінде электрондық оқулықтарды) және басқа да оқу материалдарын өтеусіз беру ескерілетін авизо көрсетіледі.

2-бөлімнің 3-жолы бойынша активтерді (оның ішінде мүлікті) өтеусіз алу, ұйымның меншікті қаражаты немесе басқа көздер (қарыз қаражаты) есебінен негізгі құралдарды сатып алуға активтердің шығуынан түскен табыстар жататын өзге де табыстар көрсетіледі.

2-бөлімнің 4-жолында негізгі және қайталама қызмет бойынша өндірілген өнімнің (тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің) өзіндік құнын қалыптастыратын шығындар сияқты субъектінің қаржы-шаруашылық қызметіне байланысты шығыстарының барлық түрлері ескерілетін ұйымның ағымдағы шығыстары көрсетіледі.

2-бөлімнің 4.1-жолы бойынша жалақы қорынан, әлеуметтік аударымдардан, әлеуметтік салықтан, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдардан, оқытуға және біліктілігін арттыруға арналған шығындардан және іссапар шығыстарынан қалыптастырылатын жұмыс күшін ұстауға арналған шығындардың жалпы сомасы көрсетіледі.

2-бөлімнің 4.2-жолы бойынша ұйым жанында жұмыс істейтін және оның теңгерімінде тұратын асханалар мен буфеттер үшін тамақ өнімдеріне шығыстар көрсетіледі.

2-бөлімнің 4.3-жолы сырттан сатып алынған, сондай-ақ кәсіпорынның өзі өндірген, технологиялық мақсаттарға, энергияның барлық түрлерін өндіруге, ғимараттарды жылытуға, кәсіпорын көлігі орындаған өндіріске қызмет көрсету

бойынша көлік жұмыстарына жұмсалған отынның барлық түрлеріне (отын, көмір, шымтезек, бензин, керосин, мазут, дизель отыны, автол, тосол, нигрол, литол, антифриз, тежегіш сұйықтығы және басқа да жанар-жағармай материалдары) арналған шығыстарды көрсетеді.

2-бөлімнің 4.4-жолы бойынша негізгі құралдар (кеңсе тауарлары) болып табылмайтын ағымдағы шаруашылық мақсаттарға арналған тауарлар мен материалдарға арналған шығыстар көрсетіледі.

2-бөлімнің 4.2, 4.3, 4.4, 4.5 және 4.6-жолдары бойынша ҚҚС-ты қоса алғанда, есепті кезеңде жүргізілген ұйымның материалдық шығындарының жалпы сомасы (қайтарылатын қалдықтардың құнын шегере отырып) көрсетіледі.

2-бөлімнің 4.7-жолы бойынша негізгі құралдарды жалға алуға арналған шығыстар көрсетіледі, оларға үй-жайларды, техникалық жабдықты, машиналарды жалға алғаны үшін төлем жатады.

2-бөлімнің 4.8-жолы бойынша оқыту және біліктілікті арттырумен байланысты сатып алынған қызметер бойынша, байланыс қызметтері, коммуналдық қызметтер, консультациялық, ақпараттық және аудиторлық ұйымдардың қызметтері, сот, төрелік, нотариаттық қызметтер, маркетингтік қызметтер, жылжымайтын мүлік объектілерін ұстау (ғимараттар мен құрылыстарды ағымдағы жөндеу), машиналар мен жабдықтарды (көлік құралдарын қоса алғанда) ағымдағы жөндеу бойынша шығыстар көрсетіледі.

2-бөлімнің 4.8.3-жолы бойынша коммуналдық қызметтер көрсетіледі, онда электр және жылу энергиясына, сумен жабдықтауға және кәрізге арналған шығыстар ескеріледі.

2-бөлімнің 4.8.6-жолы бойынша тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өндіру және айналымы саласындағы зерттеуге және болжауға, тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өндіру мен айналымының үздік экономикалық шарттарын жасау үшін шаралар жүйесін әзірлеу және өндірісті бағдарлау үшін ахуалды талдау мен болжауға байланысты маркетингтік қызметтер көрсетіледі.

2-бөлімнің 4.8.9-жолы бойынша бөгде ұйымдардың (дезинфекциялау станциялары, санитариялық-эпидемиологиялық қызметтер, кәдеге жарату, өрт сигнализациясы, бағдарламалық қамтамасыз етуге қызмет көрсету бойынша, көлік қызметтері, қоқыс, қар шығару бойынша қызметтер) қызметтері көрсетіледі.

2-бөлімнің 4.9.1-жолы бойынша студенттер мен оқушыларды ұстауға ақшалай нысанда бөлінетін трансферттер стипендия мен жол жүру билеттерін қамтиды.

2-бөлімнің 4.9.2-жолы бойынша студенттер мен оқушыларды ұстауға заттай нысанда бөлінетін трансферттер тамақ өнімдері мен киімді қамтиды.

2-бөлімнің 4.10-жолы бойынша меншіктен (осы ұйымға тиесілі пайыздар, дивидендтер және акциялар бойынша дивидендтер) төленген табыс ескеріледі.

2-бөлімнің 4.11-жолы бойынша есепті кезең үшін амортизациялық аударымдар (негізгі құралдар мен материалдық емес активтер) көрсетіледі, олар сатып алынған активтің құнын өнімнің өзіндік құнына немесе активті пайдалы пайдалану мерзімі ішінде болатын шығыстарға біртіндеп көшіру процесін білдіреді. Бұл жолда есепті кезеңде осы ұйымға меншік, шаруашылық жүргізу және жедел басқару құқығымен тиесілі негізгі құралдардың барлық түрлері бойынша төленген амортизациялық аударымдар сомасы, сондай-ақ жалға берілген құралдар көрсетіледі.

2-бөлімнің 4.12-жолы бойынша іссапар шығыстары көрсетіледі, ол жол жүру және бронь шығындарын растайтын құжаттардың (оның ішінде оның құнын төлеу фактісін растайтын құжат болған кезде электрондық билеттің) негізінде бронь үшін шығыстарды төлеуді қоса алғанда, іссапар орнына баруға және кері қайтуға нақты жұмсалған шығыстарды, белгіленген мөлшерде қызметкерге іссапарда болған уақыты үшін төленетін тәуліктік шығыстар мен шығыстарды растайтын құжаттардың негізінде бронь үшін шығыстарды төлеуді қоса алғанда, тұрғын үй-жайды жалдауға нақты жұмсалған шығыстарды білдіреді.

2-бөлімнің 4.13.1-жолы бойынша Салық кодексіне сәйкес айқындалатын салықтар көрсетіледі.

2-бөлімнің 4.13.1.6-жолы бойынша өзге де салықтар көрсетіледі, оларға акциздер, жарнаманы орналастыруға салынатын салық және белгіленген салықтар (мысалы, бильярд үстелдерін, ойын автоматтарын пайдаланғаны үшін) жатады.

2-бөлімнің 4.13.2.4-жолында өзге де аударымдар көрсетіледі, оларға қоршаған ортаға эмиссиялар, мемлекеттік баж, өсімпұл, айыппұлдар, таза табыс бөлігіндегі нормативтік аударымдар жатады.

2-бөлімнің 4.13.3-жолында өндірістік емес сипаттағы әдеттегі қызмет процесіне қарамастан туындайтын қызмет түрлеріне байланысты өзге де шығыстар, банктік қарыз бойынша кредиттер, өмірді, мүлікті сақтандыру, активтердің шығып қалуы және құнсыздануы, бағамдық айырма, резервті құру және өтелмейтін талаптарды есептен шығару, операциялық жалдау бойынша шығыстар көрсетіледі.

2-бөлімнің 4.14-жолында тарату, өткізу, айырбастау, өтеусіз беру нәтижесінде ұйымның балансынан қалдық құны бойынша есептен шығарылатын негізгі құралдардың істен шығуына арналған шығыстар көрсетіледі.

2-бөлімнің 5-жолы бойынша күрделі жөндеуге арналған шығыстар көрсетіледі, оған жұмыс істеп тұрған субъектілердегі негізгі құралдар объектілерінің бастапқы құнын ұлғайту жатады. Бұл ретте келесі күрделі

салымдар нәтижесінде негізгі құралдар объектілерінің бастапқы құнын ұлғайту оның бастапқы бағаланған нормативтік көрсеткіштері: қызмет ету мерзімінен, өндірістік қуатынан артық болатын, объектінің жағдайы жақсарған жағдайда ғана жүргізіледі. Объектінің техникалық жағдайын сақтау және ұстап тұру мақсатында жүргізілетін, бастапқы құнын ұлғайтпайтын негізгі құралдарды жөндеуге және пайдалануға арналған шығындар күрделі шығыстарға қосылмайды және олар жүргізілген кезеңнің шығыстары ретінде танылады.

5. 3-бөлім ұйымның пайдалары мен залалдары туралы деректер негізінде толтырылады.

3-бөлімнің 3-жолы бойынша табыстар және шығыстар, арасындағы айырмашылық ескерілетін салық салынғанға дейінгі пайда (залал) көрсетіледі.

3-бөлімнің 4-жолы бойынша салық салынғанға дейінгі пайда (залал) және корпоративті табыс салығы есептелетін кезеңдегі қорытынды пайда (залал) көрсетіледі.

6. 4-бөлімде ұйымның бухгалтерлік балансының көрсеткіштері қаржылық есептіліктің ұлттық және халықаралық стандарттарына сәйкес толтырылады.

4-бөлімді респонденттер салық заңнамасына сәйкес шағын бизнес субъектілері үшін арнайы салық режимі қолданылған жағдайда, егер салық кезеңіне шекті табысы тиісті қаржы жылына жыл сайын республикалық бюджетпен бекітілетін белгіленген көрсеткіштен аспаса толтырмайды.

4-бөлімнің 2.1-жолы бойынша қысқа мерзімді міндеттемелер кәсіпорынның айналымдағы активтерді пайдалану немесе жаңа қысқа мерзімді міндеттемелерді құру жолымен өтеуді болжайтын қарыздарды қоса қысқа мерзімді міндеттемелер көрсетіледі.

4-бөлімнің 2.2-жолы бойынша кәсіпорынның бір операциялық цикл ішінде өтеуді болжамайтын берешегінің барлық түрлерін қоса ұзақ мерзімді міндеттемелері көрсетіледі.

7. Осы статистикалық нысанды ұсыну электронды түрде немесе қағаз жеткізгіште жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электронды түрде толтыру Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында орналастырылған "Респонденттің кабинеті" (<https://cabinet.stat.gov.kz/>) арқылы он-лайн режимде жүзеге асырылады.

8. Есепті кезеңде қызметі болмаған кезде респондент тиісті жылға арналған бекітілген Респонденттердің жалпымемлекеттік статистикалық байқаулар бойынша алғашқы статистикалық деректерді ұсыну графигінде көрсетілген осы есепті кезең үшін статистикалық нысандарды ұсынудың ең ерте мерзімдерінің аяқталу күнінен кешіктірмей Қызметінің болмағандығы туралы хабарламаны Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9

шілдедегі № 173 бұйрығымен бекітілген, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6459 болып тіркелген Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидаларымен белгіленген тәртіпте ұсынады.

9. Ескерту: X – бұл позиция толтыруға жатпайды.

10. Арифметикалық-логикалық бақылау.

1) 2-бөлім:

1-жол = 1.1-жол + 1.2-жол + 1.3-жол + 1.4-жол + 1.5-жол + 1.6-жол + + 1.7-жол;

1.1-жол = 1.1.1-жол + 1.1.2-жол + 1.1.3-жол;

1.1.1.1-жол ≤ 1.1.1-жолдан;

1.1.3.1-жол ≤ 1.1.3-жолдан;

респондент 85.1, 85.2, 85.3, 85.4 ЭҚЖЖ-мен 1.2-жолды толтырады;

1.3-жол = 1.3.1 және 1.3.2-жолдар қосындысына;

1.5-жол = 1.5.1 және 1.5.2-жолдар қосындысына;

ЭҚЖЖ 85.5 респондент 1.5-жолды толтырады;

2-жол = 2.1-жол + 2.2-жол + 2.3-жол + 2.4-жол + 2.5-жол + 2.6-жол;

4-жол = 4.1-жол + 4.2-жол + 4.3-жол + 4.4-жол + 4.5-жол + 4.6-жол + + 4.7-жол + 4.8-жол + 4.9-жол + 4.10-жол + 4.11-жол + 4.13-жол + 4.14-жол – 4.13.1.1-жол – 4.13.1.4-жол - 4.13.2.1-жол – 4.13.2.2-жол – 4.13.2.3-жол – 4.8.1-жол;

4.1-жол = 4.1.1-жол + 4.13.2.1-жол + 4.13.2.2-жол + 4.13.2.3-жол + 4.8.1-жол + 4.12 жол;

4.8-жол = 4.8.1-жол + 4.8.2-жол + 4.8.3-жол + 4.8.4-жол + 4.8.4-жол + + 4.8.5-жол + 4.8.6-+жол + 4.8.7-жол + 4.8.8-жол + 4.8.9-жол;

4.9-жол = 4.9.1 және 4.9.2-жолдар қосындысына;

4.10-жол = 4.10.1, 4.10.2-жолдар қосындысына;

4.13-жол = 4.13.1, 4.13.2 және 4.13.3-жолдар қосындысына;

4.13.1-жол = 4.13.1.1-жол + 4.13.1.2-жол + 4.13.1.3-жол + 4.13.1.4-жол + 4.13.1.5-жол + 4.13.1.6-жол;

4.13.2-жол = 4.13.2.1-жол + 4.13.2.2-жол + 4.13.2.3-жол + 4.13.2.4-жол.

2) 3-бөлім:

3-жол = 1-жол – 2-жол (жол беріледі).

3) 4-бөлім:

1-жол = 1.1, 1.2-жолдар қосындысына;

2-жол = 2.1 - 2.3-жолдар қосындысына;

1-жол = 2-жолға.

4) Бөлімдердің арасындағы бақылау:

3-бөлімнің 1-жолы = 2-бөлімнің 1, 2, 3-жолдар қосындысына;

3-бөлімнің 2-жолы = 2-бөлімнің 4, 5, 6-жолдар қосындысына;

3-бөлімнің 4-жолы = 3-бөлімнің 3-жолы – 2-бөлімнің 4.13.1.1-жолы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ